

13 Электрондық коммерция технологиясы

Ақпараттық технологиялардың көліктік логистикадағы мәні және қолдану келешегі

Көлік логистикасындағы ақпараттық технологияның қолданылуының маңызы мен келешегі.

Логистиканы, ерекше көлік логистикасын, ақпараттық технологиялардың белсенді қолданылуынсыз елестету мүмкін емес. Тасымалдау үрдісінде тауар жеткізу жұмысын ұйымдастыру мен қалыптастыруда қатысушылар арасындағы қарқынды әрі жедел ақпарат алмасусыз, көлік қызметтерінің нарық қажеттігіндегі шапшаң қадағалану мүмкіндіктерінсіз елестету қиын. Бүгінде тасымалдау операцияларының тиімділігін, тұтынушыларды тиісті сапалы қызмет түрімен қамтамасыз етілуін, коммерциялық шешімдердің қабылдануын қолдауда, талдау және жоспарлауда ақпараттық жүйелерді, программалық кешендерді пайдаланбау іс жүзінде мүмкін емес. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дамуының арқасында, тасымалдау үрдістеріндегі типтік операциялардың автоматтандыру мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін, логистика көлік қызметтерінің технология жағынан бәсекелестігі жоғары тауар нарығының қозғалыс ұйымында үстем болатын түрге ие болды.

Брюссельде 2000жылдың май айындағы 27-ші авто тасымалдау қызметкерлерінің Халықаралық (ХКАТ) одағының бүкіләлемдік конгресінде тасымалдау үрдісін тиімділеу үшін ғаламдық ақпараттық технологиялар (мобильдік телефон байланысы, Интернет, мультимодальділік) бизнесінің дамуы мен жетілдірілуінің маңызы баса айтылып өтілді. Сонымен бірге, мультимодальділік және транспорт логистикасының негізінде белсенді істестікке көлік түрлерінің арасындағы бәсекелестіктен ауысудың қажеттілігі туралы қорытынды жасалды. Шындығында, дамудың аталған бағыты жаһандандудың қазіргі тұжырымдамасы мен транспорт логистикасының үйлестіруінде базистік болып табылады.

Бұл құралымда көрсетіледі:

- біртұтас еуразиялық тасымалдау жүйесі (Қазақстанның мультимодальді көлік коридорлары, Еуропадан Қытайға Кавказ арқылы ұлы жібек жолын қайта өркендету жобасы және т.б);
- интернеттің негізінде біртұтас ашық ақпараттық кеңістік (тиісті жерге жіберудің виртуальды желілері, жүктерді бақылау, көлік серіктестіктерінің ақпараттық қолдауы);
- адамдар мен тауарлардың тиісті тұтастығын қамтамасыз ететін көлік бизнесін қолдайтын электрондық информациялық - коммуникациялық жүйелеріндегі біртұтас стандарты.

Барлық заманауи бағыттар тасымалдау қызметтерінің нарық дамуында іскерлік операцияларын қамтитын электрондық әдістерін белсенді қолдануға бейімделген.

Бұл жаңа, ерекше және тиімді электрондық технологиялардың атаулары: e-mobility; e-business; e-logistics және т.б.

Көп жағдайда тасымалдау үрдістеріндегі ақпараттық жүйелер мен технологиялардың енгізілуінің одан арғы жетістіктері келесілермен байланысты:

- Жаһандық еуропа арқылы өтетін тауарларды бақылау мақсатында, Интернет және телематика негізінде, тасымалдаудағы ақпараттық интеграциямен қамту;
- дистанциялық есеп айырысу нысанылары бар жоғары жылдамдықты, ақылы магистральдардың желісінің дамуы;
- көлік және көлік қызмет көрсету кәсіпорындары арасындағы ішкі және сыртқы құжат алмасудың жетілдірілуі;
- Интернетте тұтынушы (клиент) мен жеткізушілер арасындағы өзіндік ұйымдастырылған үрдістерді (өзіндік сұраныс жасау қызметі) қамтамасыз ету үшін, виртуальды желілерде көлік-экспедитор агенттерін құру;

– шекараларда тұрып қалатын мәселелерді шешу үшін белсенді , электронды құжат (EDI) айналымына негізделген «Green Custom» («жасыл кеден») технологиясын енгізу;

– Интернет-технология тұғырындағы тұтынушылары бар көлік -қызмет көрсетуші және тауар өтдіруші кәсіпорындардың ақпараттық интеграциясы ;

Дегенмен, коммерциялық қызметтің жартылай информатизациясына қатысты оңтайлы түрлері, бүгінде ресейлік көлік серіктестіктерінде (мысалы, құжат айналымының автоматтандырылуы) қол жетімді, әрі жұмыстың тиімділігін арттыру жағдайын қамтамасыз етеді.

Көлік логистикасындағы табанды ақпараттық мәселелер келесі бағыттармен анықталады:

– жекеменшіктердің түрлері бойынша динамикалық өзгеріп отыратын, кәсіпорындардың диверсификациясы, көлік қызметтеріндегі нарықтың ашықтығының күрделенуі және жоғарылатуымен ақпараттық ағындарды зерттеу;

– кәсіпорынды автоматты басқару үшін программалық жүйелер мен ақпараттарды өңдеу;

– көлік, экспедитор және агенттік серіктестіктердегі бизнес-жоспарлау есептерінің шешімі үшін программалық - технологиялық кешендердің әзірленуі;

– көлік үшін жылжымалы байланыс жүйелерінің жетілдірілуі;

– ұйымдардағы интернет- технологиялар, тасымалдау үрдістерін басқару және жабдықтау;

Интернет желілерінің дамуы және көптеген виртуальды жұмыстардың белсенділігінің артуы арқасында тауарларды соңғы тұтынушыға дейін жеткізу қызметі, транспортты -технологиялық түрге негізделген, ақпараттық және қаржы түрлеріндегі операциялар негізінде әбден нақтылана түсуде. Бұл логистика күшінде барлығы тығыз байланыста және күрделі жеткізу жобаларын тауарларды, ресурстарды бөлуде және әзірлеуде жиі ассоциацияланады. Мұндай жобаларды әзірлеу және сату бойынша орталықтар құрылады. Және де жобаның заттық саласы әртүрлі болуы мүмкін, көлік-экспедиторлық компаниялардағы басқару жүйелерін әзірлеуден бастап, басқа елде, басқа континенттегі көрмелердің ұйымдастырылуына дейін қатысады. Басқаша айтқанда, қазіргі күндегі Интернет желілеріндегі ірі логистикалық жобалардың ұсынысының, ақпараттық, бағдарламалық-техникалық орталықтардың және фирмалардың жариялануы жаңа логистика дамуының және көп жағдайда көлік логистикасының жаңа кезеңінің басталғанына куәгерлік етеді. Бұл кезең Интернет-технологиясының классикалық логистикада кең қолданылуын ғана емес, сонымен қатар логистикалық жобалау саласындағы зерттеудің белсенділігін, реновациясын және логистикалық байланыстың өздігінен қамтамасыз етілуін сипаттайды. Жаңа сәтті жалпылаулардың бірі, дәстүрлі көлік логистикасын қалыптастыратын бағыттаушы ретінде макро уақыттық концепциясы көлік-логистикасының өмірлік циклы болып табылуы мүмкін.